

**«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
қамқоршылық кеңесінің №1 отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Тереңсай а.

10.01.2022ж

Қамқоршылық кеңес төрайымы - Куандықова Р.М.

Қамқоршылық кеңес мүшелері: Молдахметова А.И, Өтейбек А.А,
Искакова Г.У, Абишева Ж.К, Бурхин Е.А, Примжарова Т.К.

Мектеп директоры –Кобиланов Р.Ж.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –Жангабулова Т.С

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.Ішкі тәртіп ережесінің сақталуы;
- 2.Оқушылардың қосымша үйірмелермен қамтылуы;
- 3.Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну;
- 4.Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жағдайы.

1-ші мәселе бойынша тыңдалды мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жангабулова Т:

- Мектеп әкімшілігі және мұғалімдердің оқушылармен және тәрбиеленушілермен өзара қарым-қатынасы. Оқу-тәрбие процесінде қатысушылардың тәртібі; Оқушылардың тәртібі ішкі ережелерде қарастырылған шаралардан басқа мына шаралар қолданылуы мүмкін.

-Класс ұжымында тәртіпсіздікті талқылау;

-ата –аналар жиналысында тәртіпсіздікті талқылау;

-өзін – өзі басқару ұйымының отырысында тәртіпсіздікті талқылау;

Мектепке жиі кешігіп келетін оқушылар мектеп әкімшілігіне шақыртылып, ата –анасына ескерту жасалынады. Сыртқы киімдерінің қалталарында ақша, басқа да құнды заттарды қалдыруға болмайды. Білім беру ұйымының білім алушыларына ,тәрбиеленушілеріне, олардың ата –аналарына және өзге де заңды өкілдеріне, барлық қызметкерлерге тыйым салынатын заттар. Барлық атыс қаруын газды қару, сигналды тапанша,пышақтар, лезвиелер, қайшылар алып кіруге қолдануға тыйым салынып ескертулер жасалынады. Мектебіміздің білім алушыларымен тәрбиеленушілеріне және мектеп қызметкерлеріне ескерту жасалынып, комиссия мүшесі құрылып рейд жүргізілді. Рейд барысында тыйым салынған заттардың ешқайсысының табылмағаны анықталды.

2-ші мәселе бойынша тыңдалды мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жангабулова Т:

- Мектепте оқу жылының басынан бастап «Шебер қолдар», «Мен суретші боламын», «Волейбол», «Футбол», «Жастар театры», «Үстел теннисі»,

«Құлақтан кіріп бойды алар», « Әсем әуен» үйірмелерінің жоспарлары құрылып әр үйірмеге қызығушылық танытқан оқушылардың тізімін алып жұмыс жасалып келеді. Оқушылар түрлі дәрежедегі көрмелерге қатысып дәрежел орындар мен дипломдар мен мадақтама гармотасымен марапатталды.

Сөз алған қамқоршылық кеңесінің мүшесі Орзағалиев Д:

- Өткізіліп жатқан үйірмелердің барлығы оқушылардың қызығушылығын артырады. Бұл үйірмелердің пайдасы оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға себеп болады. Құқықбұзушылықтың алдын алуға бірден бір үлесін қосады. Каникул уақыттарында да үздіксіз жұмыс жасауының арқасында мектепте ешқандай келеңсіз жағдайлар орын алып жатқан жоқ оған өзіміз куә болып отырық.

3-ші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы Куандыкова Р.М. кеңестің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстырды.

4-ші мәселе бойынша бойынша тыңдалды әлеуметтік педагог Санабаев Р:

- Оқу жылының басында мектеп оқушыларының оқумен қамтылмаған балаларды анықтау тұрмысы төмен және көп балалы отбасынан шыққан оқушылар, жартылай жетім, балалар тол бала, толқық емес отбасынан шыққан балалар анықталды. Нәтижесінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін 18 бала оның ішінде көп балалы отбасынан 13 бала тұрымысы төмен 2 атаулы әлеуметтік 2 жартылай жетім 1 оқушы анықталды. Қазіргі уақытта осы 18 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр.









Қамқоршылық кеңесі шешім етті:

- 1.Ішкі тәртіп Ережесінің сақталуы есепке алынсын;
- 2.Оқушылардың үйірмелермен қамтылуы одан әрі күшейтілсін;
- 3.Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын;
- 4.Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жағдайы «қанағаттанарлық» деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы

Хатшы

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

	Куандыкова Р.М.
	Жангабулова Т.С.
	Бурхин Е.А.
	Өтейбек А.А.
	Молдахметова А.И.
	Абишева Ж.К.
	Примжарова Т.К.
	Искакова Г.У.